



**"Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 шілде N 984

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік
оңалту туралы

Осы Заң оны көрсету кезіндегі азаматтар құқықтарының кепілдіктерін қоса алғанда, нашақорлықпен ауыратын науқастарды әлеуметтік оңалту саласындағы мемлекеттік саясаттың медициналық, әлеуметтік, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін реттейді.

1-тарау

Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) нашақорлықпен ауыратын науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалту -

науқасты жұмысқа бейімдеу, отбасылық және қоғамдық өмірге қосу үшін медициналық, әлеуметтік және еңбек іс-шараларын кешенді түрде пайдалана отырып, науқастардың денсаулығын қалпына келтіруге бағытталатын наркологиялық көмектің негізгі кезеңдерінің бірі;

2) наркологиялық ұйымдар - заңмен белгіленген тәртіп бойынша нашақорлықпен ауыратын адамдарға мамандандырылған медициналық көмек көрсететін диспансерлер, ауруханалар, орталықтар, бөлімдер немесе кабинеттер;

3) наркологиялық көмек - психикалық белсенді заттарды пайдалану салдарынан психикалық және мінез-құлықтық бұзылуларымен (маскүнемдік, нашақорлық, уытқұмарлық) ауыратын науқастарды диагностикалау, емдеу, медициналық және әлеуметтік оңалту, наркологиялық бұзылулардың алдын алу;

4) психикалық белсенді заттар - бір рет қабылдаған кезде көңіл-күйді, өзін-өзі сезінуді, айналасын ұғынуды, тәндік күйді, мінез-құлықты өзгертуге, ал жүйелі түрде қабылдаған кезде психикалық немесе тәндік тәуелділікті туғызуға қабілетті қайсыбір химиялық зат.

2-бап. Осы Заңмен реттелетін мәселе

1. Осы Заң нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік

оңалтуды ұйымдастыру кезінде туындайтын қатынастарды реттейді және оны көрсету кезіндегі азаматтар құқықтарының кепілдіктерін белгілейді.

2. Осы Заң, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары емес болып табылатын нашақорлықпен ауыратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға таратылады.

3-бап. Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы мемлекеттік саясат

Қазақстан Республикасының нашақорлықпен ауыратын науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы мемлекеттік саясаты:

заңдылық, ізгілік, адамның және азаматтың құқықтарын сақтау;

нашақорлықтан зардап шегетін адамдарды қолайлы медициналық-әлеуметтік оңалту көрсетумен қамтамасыз ету;

наркологиялық көмек беру кезінде азаматтардың әлеуметтік қорғалуы қағидаттарының негізінде жүргізіледі.

4-бап. Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтарына (бөлімшелеріне) жіберу негізі, тәртібі

Медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтарына (бөлімшелеріне) жіберу үшін негіз:

1) нашақорлықтан зардап шегетін науқастардың наркологиялық ұйымдарында (стационарлық және амбулаториялық буын) қол жеткізілген табыстарды бекіту қажеттілігі;

2) науқасты жұмысқа бейімдеу, отбасылық және қоғамдық өмірге қосу үшін кешенді медициналық-әлеуметтік және еңбек іс-шараларын жүргізу қажеттілігі болып табылады.

Нашақорлықпен ауыратын адамдарды жіберу тәртібін, нашақорлықтан зардап шегетін науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтарында (бөлімшелерінде) ұстау шарттары мен оларға көрсетілетін көмектің көлемін Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы органы белгілейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен реттеледі.

5-бап. Нашақорлықпен ауыратын және медициналық-әлеуметтік оңалтуды қажет ететін адамдардың наркологиялық ұйымдарға өз еркімен жүгінуі

1. Нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу медициналық-әлеуметтік оңалту, олар медициналық көмек үшін наркологиялық ұйымдарға жүгінген жағдайда, ерікті (қажет болған жағдайда жасырын) түрде жүргізіледі.

2. Нашақорлықпен ауыратын кәмелетке толмаған адамды, сондай-ақ белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамды медициналық-әлеуметтік оңалту олардың заңды өкілдерінің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

6-бап. Нашақорлықпен ауыратын адамдардың құқықтары

1. Нашақорлықпен ауыратын адамдардың оларды медициналық-әлеуметтік оңалту кезінде:

1) білікті медициналық көмек алуға;

2) наркологиялық ұйымды таңдауға;

3) өзінің құқықтары туралы және өздеріндегі наркологиялық бұзылулар мен қолданылатын емдеу және оңалту әдістері туралы ақпарат алуға;

4) медициналық-әлеуметтік оңалтуды тұрғылықты жері бойынша, сондай-ақ қажет

болған жағдайда - тұратын жері бойынша жүргізуге құқығы бар.

2. Нашақорлықтан зардап шегетін адамның немесе оның заңды өкілінің ұсынылған медициналық-әлеуметтік оңалтудан оның кез келген сатысында бас тартуға құқығы бар

3. Медициналық-әлеуметтік оңалтудан бас тартқан адамға, не оның заңды өкіліне оңалту іс-шараларын тоқтатудың мүмкін болатын зардаптары түсіндірілуі тиіс. Мүмкін болатын зардаптар туралы мәліметтерді көрсете отырып, медициналық-әлеуметтік оңалтудан бас тарту нашақорлықпен ауыратын адамның немесе оның заңды өкілінің және психиатр-нарколог дәрігердің қол қоюымен медициналық құжаттамадағы ж а з б а м е н р е с і м д е л е д і .

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда нашақорлықпен ауыратын адамдардың құқықтары мен еркіндіктерін тек нашақорлық диагнозының болуы, наркологиялық ұйымда диспансерлік қадағалауда болу фактісі негізінде шектеуге жол берілмейді.

7-бап. Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреттері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлейді;

2) нашақорлықпен ауыратын науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы бағдарламаларды бекітеді.

2. Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасауды жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы органы:

1) нашақорлықпен ауыратын науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) нашақорлықпен ауыратын науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалту стратегиясын әзірлейді және оның іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

3) қоғамдық бірлестіктермен, жеке медициналық практикамен айналысатын заңды және жеке тұлғалармен нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру мен өзара і с - қ и м ы л д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

4) нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтарына (бөлімшелеріне) жіберудің тәртібі мен негізін белгілейді;

5) нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы мамандарды кәсіптік даярлау мен қайта даярлауды қамтамасыз

етеді.

3. Жергілікті өкілетті және атқарушы органдар:

1) нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту жөніндегі аймақтық бағдарламаларды әзірлейді, бекітеді және іске асырады;

3) нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтуды жүргізу және оларды еңбекке орналастыру үшін жағдай жасайды.

2-тарау

Медициналық-әлеуметтік оңалтуды мемлекеттік қамтамасыз ету және оны көрсету кезінде адам құқықтарын сақтау нашақорлықпен ауыратын адамдарды әлеуметтік оңалту жөніндегі қызметті бақылау

8-бап. Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық әлеуметтік оңалтудың толықтығы мен сапасын қамтамасыз етуді бақылау және оны жүргізген кезде заңдылықтың сақталынуын қадағалау

1. Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтудың толықтығы мен сапасын және оны қамтамасыз ететін мамандардың кәсіптік қызметіне бақылауды азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқару органы

жүзеге асырады.

2. Нашақорлықпен ауыратын адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту кезінде заңдылықтар мен адамдардың құқықтарының сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүзеге асырады.

9-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес белгіленеді.

10-бап. Халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

11-бап. Наркологиялық көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды
қаржыландыру

Наркологиялық көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру:

- 1) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегіндегі мемлекеттік тапсырыс шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының есебінен немесе мамандандырылған мемлекеттік мекемелер ұстау арқылы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздердің есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.